

# **Тақырыбы: Венчурлік бизнесті ұйымдастыру.**

## **Жоспар :**

- 1. Венчурлық бизнестің мәні және ерекшеліктері.  
Венчурлік бизнесті ұйымдастыру және  
инновациялық технологияларды дамыту.**
- 2. Инновациялық қызмет, бизнестің бәсекеге.  
қабілеттілігі үшін оның маңыздылығы.**
- 3. Инновацияның негізгі мақсаттары, инновациялық  
цикл құрылымы және этаптары.**

**Венчурлық компанияларды құру** – ғылыми зерттеу, инженерлік әзірлемелер дайындаумен шұғылданатын және ғылыми жетістіктер мен инновациялық жаңалықтарды өндіріске ендіретін орта және шағын тәуекелділік фирмаларды құру болып саналады.

**Аутсорсинг** – кәсіпорынның ішкі бөлімшелерін немесе кейбір бөлімшелерімен оларға байланысты активтерді қызмет көрсетуге ұйымдастыру.

# Басымды инновациалық бизнес, себебі:

- Кәсіпкерліктің алуан түрлі салалары қызметтерін жетілдіру жолымен бизнестің бәсекелестік қабілетін асыруға негізделген.
- Сатып алушының нақты тұтыну қажеттілігіне бағытталған;
- Әр уақытта маңызды және бәсекелі сипатта болады.

Нарық жағдайындағы тең бәсекелестік және еркіндіктің сақталуындағы кәсіпорынның нарықтағы басты мақсаты өзіндік құнынын арттыру болып табылады. Инновациялық қызметі де осыған бағытталуы керек.

**Кәсіпорынның бағасы екі фактормен анықталады.**

- пайданы генерациялау қабілеті;
- бұл қабілеттіліктің сақталу мерзімінің ұзақтығы;

# Инновациялық қызмет бизнес үрдісі ретінде келесі негізгі кезеңдерден тұрады:

- инновациялық идеяларды іздену және олардың едәуір басымдыларын іріктеу;
- таңдалған инновациялық идеялардың өміршеңдігін бағалау;
- инновациялық жобаның детальды бизнес-жобасын жасау;
- бизнес-жоспарды эксперттік бағалау;
- инновациялық жобаның экспериментальды өндірісі;
- өндірістің сызбасын түзету;
- инновациялық өнімді жүзеге асыруға жылжыту;
- инновациялық өнімді жаппай өндірісі.

**Инновациялық цикл** – бұл инновациялық идеяларды іздеу кезеңінен бастап оның қолданбалы пайдалануы немесе белгілі нәтижені алуына дейінгі кезең. Инновацияның өмірлік циклы оның өндіріске ендіру кезеңінен бастап оның ескіріп және қолданыстан шыққан кезеңіне шейін қамтиды.

## **Инновацияның негізгі мақсаттары келесілер:**

- 1) Мәселенің жаңа техникалық шешімін табу-өнер табыстарын құру;**
- 2) Ғылыми-зерттеу және тәжірибе конструкторлық жасалымдарды өткізу;**
- 3) Өнімнің сериялық өндірісін бір қалыпқа келтіру;**
- 4) Өткізуді дайындау және ұйымдастыру;**
- 5) Нарыққа жаңа тауарды ендіру;**
- 6) Технологияларды үнемі жетілдіру жолымен жаңа нарықтард аорнығу, өнімнің бәсеке қабілеттілігін жоғарылату.**

## **Инновацияның негізгі кезеңдері келесілер:**

- 1) Келіп түсетін идеяларды бір жүйеге келтіру;**
- 2) Идеяларды сұрыптау және жаңа өнім туралы идеяны өңдеу;**
- 3) Жаңа өнімнің экономикалық тиімділігін талдау;**
- 4) Жаңа өнімді құру;**
- 5) Нарықта тестілеу**
- 6) Өнім жөнінде маркетинг бағдарламасы негізінде өндіріске жаңа өнімді енгізу туралы шешімді қабылдау.**



**Инновациялық менеджмент** - бұл инновациялық процесстерді, инновациялық қызметті, осы қызметпен айналысатын ұйымдық құрылымдарды және оның персоналын басқару принциптері, әдістері және формаларының жиынтығы. басқарудың басқа да облысы сияқты, инновациялық менеджментке де келесі тән:

- мақсаттар қою және стратегияны таңдау;
- циклдық 4 кезеңі: **жоспарлау, шарттар мен ұйымдастыруды анықтау, орындау, басшылық ету.**



1.	<b>Жоспарлау</b> - стратегияны жүзеге асыру жоспарын құру.
2.	<b>Шарттарды анықтау және ұйымдастыру-</b> инновациялық циклдың эртүрлі фазаларын жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды анықтау, қызметкерлер алдында мәселелерді қою, жұмысты ұйымдастыру.
3.	<b>Орындау</b> - зерттеулер мен әзірлемені жүзеге асыру, іске қосу.
4.	<b>Басшылық</b> - бақылау және талдау, іс-әрекеттерге түзетулер енгізу, тәжірибе жинақтау.

# Инновацияны нарыққа әсер ету дәрежесіне байланысты топтау.

Инновацияның түрі	Нарықтық жаңалық	Техникалық жаңалық
Түбегейлі	Жоғары	Жоғары
Комбинаторлық	Төмен	Жоғары
Түрлендіретін	Төмен	Төмен

Шабуылдық  
стратегиямен;

Технологиялық  
түрткімен;

**Түбегейлі инновациялар өнімнің принципті жаңа түрлерінің жасалуын қамтамасыз етеді, бәсекелестердің үстінде ұзақ мерзімді артықшылықтарды береді және келесілермен байланыста болады:**

Түбегейлі сәтпен,  
пропорционал емес  
шығындармен;

Инновациялардың  
әлсіздеу түрімен.

***Назарларыңыз  
ға рахмет !!!***